



Бекітемін:
Мектеп директоры у. м. а:
Е. Козыкешов
2021ж

**Есбол орта мектебі «Қоғамдық ата-аналар кеңесінің»
2021-2022 оқу жылына арналған жұмыс жоспары**

Мақсаты: Ата-аналар мен мектеп арасында тепе-тең достық қарым-қатынас құру, оқушы мен сынып жетекші арасындағы ынтымақтастықта жұмыс жүргізу.

р/с	Жұмыс түрлері	Мерзімі	Жауапты адам
1	№1 Жалпы мектеп бойынша жиналыс: 1.2021-2022 оқу жылына ата-аналар комитетін сайлау; 2.Баланың бас ұстазы Баяндама 3. Ағымдағы мәселелер (Оқушы формасы, екінші аяқ киім, ұялы телефондар және құнды заттарды мектепке әкелмеу туралы)	Қыркүйек	Қоғамдық ата-аналар жиналысының төрайымы Оқу ісінің меңгерушісі Мектеп медбикесі Тәрбие ісінің меңгерушісі
2	Ата-аналарға сұраныс бойынша педагогикалық және психологиялық консультацияны ұйымдастыру	Қажеттілігіне қарай	Мектеп психологы Саликова Эльза
3	«Менің отбасым» көрме ұйымдастыру	Қазан	Өзін-өзі тану пәні мұғалімдері
4	№2 Ата-аналар жиналысы Күн тәртібінде: 1) I тоқсан қорытындысы 2) Балаларды вирустық аурудан қалай сақтауға болады? 3) Ағымдағы мәселелер (күзгі демалыс және техника қауіпсіздігі, оқушылардың үйірме, секцияларға қатысуы және т.б.)	Қараша	Қоғамдық ата-аналар жиналысының төрайымы Сынып жетекшілер
5	Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі Семинар тренинг	Желтоқсан	Есенаманова Актоты
6	II-тоқсан қорытындылары 1.Оқушылардың білім сапасы	Желтоқсан	Қоғамдық ата-аналар

	2.Қазіргі кездегі дұрыс мамандық тандау- сәтті болашақ Емтихан тапсыру жағдайында оқушыларға қолдау көрсету. 3.«Біздің балаларымыз баға жетпес байлығымыз!» Психологиялық кеңестер		жиналысының төрайымы Сынып жетекшілер Саликова Эльза
7	«Әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылық жасалмайтын Қазақстан» дөңгелек үстел	Қаңтар	Саликова Эльза
8	Балаларды жат ағымнан сақтайық Семинар тренинг	Ақпан	Ата-аналар комитетінің төрайымы
9	«Менің анам.....» тәрбиелік шара. /мектепалды даярлық/	Наурыз	Джунаева Жанар
10	Ата-аналардың сабаққа қатысын ұйымдастыру Ата-аналарға арналған «Ашық есік» күнін белгілеп, ата-анамен пікірлесу	Қажеттілігіне қарай	Сынып жетекшілер Тәрбие ісінің меңгерушісі
11	«Ұлың қымбат,немерең ыстық» әжелермен кездесу кеші /Бастауыш сыныптар/	Наурыз	Бастауыш сынып бірлестігі
12	Наурыз мерекесін ұйымдастыру бірлескен жұмыстар	наурыз	Сынып жетекшілер
13	III-тоқсан қорытындылары 1.Оқушылардың білім сапасы 2.Каникул кезінде оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету 3. Ағымдағы мәселелер	Сәуір	Ата - аналар кеңесінің төрайымы Сынып жетекшілер
14	Отбасылық дәстүр анти-кафе	Сәуір	Сатқанбай Жазира
15	«Отбасы - адам тұлғасының бесігі» ата-аналармен шара	Сәуір	Ата - аналар кеңесінің төрайымы
16	Мектептің құқықтық кеңесімен бірлескен түрде каникулдар мезгілінде оқушылардың бақылаусыз қалуын болдырмау, кешкілік жүруді шектеу және құқық бұзушылықтың алдын-алу мақсатында рейдтер жүргізу.	Уақытылы	Тәлімгер АӘД пәні мұғалімі Тәрбие ісі меңгерушісі

17	Жұлдызды сәт ата аналарды марапаттау кеші	Мамыр	Ата-аналар кеңесінің төрайымы
18	Ұйымдастырылған шаралар туралы БАҚ –на мақалалар жариялау	Уақытылы	Л.Нұрғалиева А.Есенаманова
19	2021-2022 оқу жылының жылдық қорытындысы 1.Жазғы демалыстарды ұйымдастыру (0-7 сыныптың ата-аналары) а)«Аз қамтылған отбасы балаларының қала сыртындағы» жазғы сауықтыру лагерінде демалуы туралы б) Ата –аналарға жаз кезіндегі қауіпсіздік бойынша нұсқаулық жүргізу	Мамыр	Қоғамдық ата-аналар жиналысының төрайымы Тәлімгер Мектеп психологы

Ата-аналар кеңесінің төрайымы



А.Есенаманова

Ата-аналар комитеті туралы ереже

1. Жалпы ереже

Ата-аналар комитеті мектеп пен отбасына балаға орта білім және тәрбие беруді ұйымдастыруға көмектесу мақсатымен құрылады. Ата-аналар комитеті мұғалімдер ұжымына, оқушыларға ғылым негіздерін игеруге, жоғары адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға, еңбексүйгіштікке, жауапкершілікке, ұйымшылдық пен тәртіпке, өзін-өзі ұстау мәдениетіне, құқықтық, эстетикалық салауатты өмір салтын қалыптастыруға тәрбиелеуге, олардың денсаулығын қорғауға көмектеседі.

Ата-аналар комитеті өз жұмысында ата-аналар комитеті туралы нұсқауын, жиналыстардың жоспарын, шешімдерін, педкеңестің, мектеп директорының, сынып жетекшілердің нұсқауларын, ұсыныстарын негізге алады.

2. Ата-аналар комитетінің міндеттері:

- мұғалімдер ұжымы мен отбасының бала тәрбиесіндегі біртұтас жүйесін қалыптастыруға көмектесу;
- ата-аналарды мектеп өміріне белсендірек қатысуға тарту, ата-аналар мен көпшілік отбасында педагогикалық насихатты ұйымдастыру;
- әлеуметтік тұрғыдан қорғалмаған оқушыларға көмектесу.

3. Ата-аналар комитетінің жұмысын ұйымдастыру және мазмұны.

3.1. Жалпы ата-аналар жиналысында ата-аналар комитетінің төрағасы және мүшелері сайланады.

3.2. Жалпы мектептік ата-аналар комитеті мүшелерінің басшылығымен мектепте тұрақты және уақытша комиссиялар құрылуы мүмкін (педагогикалық насихат жұмысы, еңбек тәрбиесі мен қоғамдық пайдалы еңбекті ұйымдастыру, мәдени-ағарту жұмысы, спорт жұмысы т.б.). комиссия құрамы мен оның жұмыс мазмұнын ата-аналар комитеті анықтайды.

3.3. Ата-аналар комитеті көмек ұйымдастырады:

- Оқушыларға ыстық тамақ берілуі жағдайын қадағалау
- сабақтан тыс уақытта оқушылармен бірге тәрбие жұмыстарына қатысуға;
- оқушылардың мамандық таңдауына;
- жиналыстарды ұйымдастырып өткізуге, ата-аналар алдында баяндамалар оқуға, отбасының тәрбие тәжірибесімен бөлісуге;
- каникул уақытында оқушылармен мәдени-спорттық іс-шаралар өткізуге;

Ата-аналар комитеті 1 жылға арнап жұмыс жоспарын жасайды.

4. Ата-аналар комитетінің құқықтары.

Ата-аналардың төмендегідей құқықтары бар:

- сыныптағы оқу-тәрбие жұмысына көмектесуге, ата-аналардың бала тәрбиесіне қатысуына байланысты сұрақтар бойынша мектеп директорымен байланыс жасауға;
- шаруашылықты ұйымдастыру және мектептен, сыныптан тыс іс-шараларды ұйымдастыру жөнінде өз ұсыныстарымен директорға, педкеңеске шығуға;
- ата-аналар жиналысына шақыруға;
- материалдық көмек қажет ететін оқушылар жөніндегі сұрақты шешуге қатысуға;
- сынып жетекшіге өз ұсыныстарымен шығуға және ата-аналардың қажетті сұрақтары бойынша сынып жетекшінің түсіндермесін тыңдауға;

АТА – АНАЛАРДЫҢ МІНДЕТІ

1. Бала тәрбиесінің негізі ата – анада жатқанын естен шығармау.
2. Мектеппен және білім беретін мекемелермен тығыз байланыста болу, баланы сабақтан қалдырмау.
3. Балалардың өмірі үшін, оқуы үшін олардың рухани және қауіпсіз дамуын, адамгершілік жағынан қалыптасуын қамтамасыз ететін жағдайлар жасау.
4. Баланы оқулықтар мен басқа оқу құралдарымен толық қамтамасыз ету.
5. Мектепте сынып жетекшілерімен, мұғалімдерімен байланыс жасап, оқушының оқулықтармен қамтамасыз етілуін ескеру.
6. Оқушы мектепке кешігіп қалмау үшін таңертең уақытылы балаларын қадағалау.
7. Жыл мезгілдерінің ауа – райына байланысты киімдерін қадағалау.
8. Үйде баланың үй тапсырмасын орындауын бақылау.
9. Көше ережелерін сақтауды еске салып тұру.
10. Мектепте мәдени шараларға қатысуға, мектеппен үнемі байланысты болу

Хаттама №1

Есбол орта мектебі

Жалпы ата-аналар жиналысының хаттамасы.

Қатысқаны – 53

I.Ұйымдасу.

Қаралған мәселелер:

1. Баяндама . Баланың басты ұстазы ата –ана.
2. Жаңа оқу жылының басталуы. Ата-аналар комитетін сайлау.
3. Ағымдағы мәселелер.

Тыңдалды: Мектептің ата-ана комитетінің жетекшісі Есенаманова

Ақтоты . Баяндама « Баланың басты ұстазы ата –ана» .

Жас ұрпақ біздің өміріміздің тікелей жалғастырушы ғана емес, еліміздің тірегі, мызғымас болашағы. Адамзаттың өмірдегі ең қымбаттысы, көз қуанышы – бала. Бала – дербес тұлға. Оның бойындағы табиғи қасиеттер, адамгершілік құндылықтары отбасында, мектепте, әлеуметтік ортада нәрленеді. Баланың бас ұстазы – ата – анасы. Тәрбие үрдісінің бір тарауы отбасымен жұмыс десек, отбасынан басталатын тәрбие мектеп өмірінен жалғасын табады. Қазақтың отбасында өмірге келген әр бала ес біліп, етек жыйғанша, негізінен әке мен ананың тәрбиесінде болады. Бүгінгі мақсат - әрбір бала түбегейлі біліммен мәдениеттің негіздерін білу және олардың жан - жақты дамуына ата - ана, мектеп жағдай жасауы керек.

Сондықтан сіздерге балаларыңыздың мектептен барлық мүмкіндіктерді пайдаланып білім алу мен тәрбие жұмыстарына қатыстырып өзін - өзі басқаратын азамат болуына ат салысу қажет.

Бала тәрбиесі отбасынан басталады. Мектепке келгеннен кейін ол мінез отбасында қалыптасқан тәрбие одан әрі жалғасады. Бір тәуліктің яғни 24 сағаттың 5 сағаты мектепте, қалғаны тәрбие ордасы, үнемі ата - ана болып қала береді. Баланың сабаққа саналы қарап озат оқушы болып өсуі, ол мұғалім мен ата - ананың бірігіп өсірген жеміс ағашы, немесе ұшқыр ұшақ жасаумен тең десем артық емес. Дұрыс өспеген жеміс ағашы, дұрыс жеміс бермесе қуануға бола ма?

Тыңдалды: Ата-аналар комитетін сайлау. Мектептің ата-ана комитетінің жетекшісі Есенаманова Ақтоты : Осы оқу жылында ата-аналар жұмысын жүйелі түрде ұйымдастыру мақсатында , жылдағы дәстүріміз бойынша ата-аналар комитетінің төрайымыны немесе төрағасын сайлап алайық. Бәріміз бір ауыздан ұсынайық, қол көтеріп дауыс берейік.

Тыңдалды: Ағымдағы мәселер

- а) Сабақтан себепсіз қалмау, қалған жағдайда анықтама әкелу.
- ә) дене шынықтыру киімін өздерімен алып келу
- б) форма міндетті түрде киеді, ақ бантик , қара туфли , т.б
- в) Мектеп мүлкін бүлдірмеу. Г) Оқу -құралдарын таза ұстау .
- Д) Қауіпсіздік шарасы бойынша ата –ана тарапын жауапкершіліктерімен таныстыру

ШЕШІМ:

1. «Баланың басты ұстазы ата –ана» атты баяндамада айтылған ұсыныстарды бала тәрбиесінде қолдану
2. Ата-аналар комитеті төмендегі құрамда сайлау: Басшысы: Иманалиева Жанар, Көмекшілері: Ермекова Тұрсын, Есенғуатова Райгүл
3. Ата аналар комитеті құрамы мектеппен тығыз байланыста болу

Қорытынды:

Бүгінгі көтерілген мәселелер бойынша бірауыздан қабылданып, барлығы тарапынан ризашылық білдірілді.

Жиналыс төрайымы:

Хатшы:



**Иманалиева Жанар
Есенаманова Актоты**

Есбол орта мектебі

Баланың бас ұстазы ата – ана (баяндама)

Есенаманова Актоты

2021-2022 оқу жылы

БАЛАНЫҢ БАС ҰСТАЗЫ АТА-АНА

Жас ұрпақ біздің өміріміздің тікелей жалғастырушысы ғана емес, ең алдымен тірегі, мызғымас болашағы. Адамзаттың өмірдегі ең қымбаттысы, көз қуанышы – бала. Бала – дербес тұлға. Оның бойындағы табиғи қасиеттер, адамгершілік құндылықтары отбасында, мектепте, әлеуметтік ортада нәрленеді. Баланың бас ұстазы – ата – анасы. Тәрбие үрдісінің бір тарауы отбасымен жұмыс десек, отбасынан басталатын тәрбие мектеп өмірінен жалғасын табады. Қазақтың отбасында өмірге келген әр бала ес біліп, етек жыйғанша, негізінен әке мен ананың тәрбиесінде болады. Бүгінгі мақсат – әрбір бала түбегейлі біліммен мәдениеттің негіздерін білу және олардың жан – жақты дамуына ата-ана, мектеп жағдай жасауы керек. Сондықтан сіздерге балаларыңыздың мектептен барлық мүмкіндіктерді пайдаланып білім алу мен тәрбие жұмыстарына қатыстырып өзін-өзі басқаратын азамат болуына ат салысу кажет. Бізде көптеген ата-аналар баланың кемшілігін мектептегі мұғалімдерден көреді. Отбасында мұғалімдер туралы жақсы пікір айтылса, алдымен ата-ананың мектеп, ұстаз туралы жақсы ниеті балаға жақсы әсер етеді. Ондай балалардың оқуға, білімге, мектепке құштарлығы артады. Ұстазды, адамды сыйлауы өзгеше болады. Мектеп, ұстаз туралы басқаша пікірде көңілі толмаған ойлардың жетегінде баласының алдында ғайбаттау сөздер сөйленетін болса, ол баланың мектеп, мұғалімге көзқарасы өзгереді. Оқу-үлгеріміне әсер етеді. Немқұрайлы қарап, үлгерімі нашарлайды. Ата-ана өз баласының ынтасын үйдегі тәрбие арқылы өзі жойып отырғанын білмейді. Бала тәрбиесі отбасынан басталады. Мектепке келгеннен кейін ол мінез отбасында қалыптасқан тәрбие одан әрі жалғасады. Бір тәуліктің яғни 24 сағаттың 6 сағаты мектепте, қалғаны тәрбие ордасы, үнемі ата-ана болып қала береді. Баланың сабаққа саналы қарап озат оқушы болып өсуі, ол мұғалім мен ата-ананың бірігіп өсірген жеміс ағашы, немесе ұшқыр ұшак жасаумен тең десем артык емес. Дұрыс өспеген жеміс ағашы, дұрыс жеміс бермесе қуануға бола ма? Бір бөлшегі бұрыс жасалған ұшақты ұшыртаннан не пайда? Ол өзінде, өзгені де мерт етпей ме?

Сонымен әрбір ата-ана өз баласының тәрбиелі де, саналы, мәдениетті, жүрген ортасында сүйкімді болу үшін алдымен тәрбиені өзінен бастағаны жөн, яғни оғаш қылықтармен баласына үлгі-өнеге көрсетпеуге тырысқаны жөн. Жас кезінде баласына дұрыс тәрбие бере алмаған ата-ана кейін бармағын тістеп өкініп қалады. Қалай қисайтсаң солай өседі. Оның түзу жолмен жүріп білімді де саналы азамат болып өсуі біздің, яғни әрбір ата-ананың қолында.

Ендеше ата-ананың балаға ықпал ету әдістеріне тоқталар болсақ:

1 Ықпал ету арқылы баланың өзіне сенімін нығайту Нандыру, сендіру, иландыру, акыл кеңес, іс-әрекетін қуаттау, нұсқау, қолдау, орынды көтермелеу, дәлелдеу, дұрыс бағалау, әділ ескерту, баламен санасу, пікірлес болу. Өзіне сенімі артады

2 Ықпал ету арқылы тежеу Ата-ананың балаға дегенін күштеп тетеу, какпайлау, үстемдік пиғылын көрсету, беделімен басыну, санаспау, тартыншақ, корқақ, ырықсыз, өтірік, жігерсіз, жалтақ

АНЫҚТАМА


Өткізілген күні: 14.10.2021

Тақырыбы: «Менің отбасым» көрме ұйымдастыру

Әдісі: көрме бұрышын жасау

Мақсаты: Оқушылардың отбасына қарым-қатынасын нығайту, отбасы құндылықтарын ажырата білуге тәрбиелеу

Бастауыш сынып оқушылары арасында «Менің отбасым» тақырыбында отбасы суреттерінен жасалған фотоколлаж, буклет жасау арқылы өзін-өзі тану сабағынан көрме ұйымдастырылды. Көрме мақсаты оқушылардың отбасы туралы көзқарастарын қалыптастыру, отбасы құндылықтарын сақтауға, әр отбасының отбасылық құндылықтарын таныстыру, әрқашан отбасы мүшелерін сыйлай білуге, құрметтей, қадірлей білуге тәрбиелеу. Оқушылар көрмеге жақсы қатысып, өздерінің отбасылық фотосуреттерінен буклеттер жасап әкеліп, көрме төріне қойды



. Әр оқушының фотоколлаж, буклет жасаудағы эстетикалық талғамдары ескеріліп, оқушыларға белсенділіктері үшін алғыс хаттар берілді.

Өзін-өзі тану пәні мұғалімі

Г. Батырғалиева

Ата-аналар жиналысының хаттамасы №2

9.11.2021ж

Қатысқандар:

Сынып жетекшілер

Ата-аналар – 24

Хатшы – А.Есенаманова

Күн тәртібінде қаралған мәселе:

1. I тоқсан қорытындысы. /Мусаева.А.Ө/
2. Балаларды вирустық аурудан қалай сақтауға болады?.
3. Ағымдағы мәселер

Тыңдалды: Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша мектептің оқу ісі жөніндегі орынбасары Анар Өмірзаққызы ата-аналарға I-тоқсанның қорытындысын айтып өтті

I-тоқсанды жақсы нәтижеде аяқтағанымызды ерекше атап өтті. 2021-2022 оқу жылын 142 оқушымен бастадық.130 оқушы бағаланды.Үздіктер саны - 31Екпінділер саны-46 Үлгерім -100Сапа-59,2% Сонымен қатар ашық сабақтар мен сыныптан тыс шаралар өткізілді.Оқушы жетістігі мен мұғалім жетістігі де жетерлік. Облыстық семинар –практикумында 10мұғалімнің іс - тәжірибесі таратылды.

Аудандық «Үздік өзін – өзі тану пәні мұғалімі» сайысында Батырғалиева Гүлжайна «Грамота»; аудандық «Менің кіші Отаным» интеллектуалдық сайысында 9-сынып Таңатова Әсел III орын ;аудандық «Махамбет оқулары» I орын, облыстық байқаудан 9-сынып Төлеп Мейірлан III орын;аудандық «Зерде» ғылыми жоба сайысында 5-сынып Нұрлан Гүлсезім III орын ; облыстық «Абай оқуларынан 9-сынып оқушысы Төлеп Мейірлан II орын.;6-сынып Амангелді Біржан III орын «Алтын сақа» олимпиадасынан «Мейірім мен сүйіспеншілік періштелері» суреттер байқауы Әсетұлы Қолқанат II орын «Зерде» ғылыми жоба байқауында жүлделі I орын, облыстан I орын Кеңесбай Махамбет ,облыстан командалық және жеке оқушылар бойынша II орын Қайрош Айбөпе Таңат Жарас Едрешова Нұрай Нұраш Ерасыл Бағытжанова Жансұлу, Халықаралық би фестиваліне қатысқан Әсетқызы А, Нұрлан Г II орын марапатталды

Тыңдалды: Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша мектеп медбикесі: Ханым Советовна ата-аналарға балалар арасындағы вирустық аурулардан қалай сақтануға болатыны жөнінде мәлімет беріп өтті.

Тыңдалды: Күн тәртібінің үшінші мәселесі бойынша мектептің тәрбие ісі жөніндегі орындасары Мендигалиева Гульвира оқушылардың түнгі жүрісі жөнінде және интернеттегі түрлі ойындар жөнінде айтып өтті.

Сөйледі : Құмарова Жайық: 4 сыныпта оқитын немерем Кеңесбай Махамбет облыстан ғылыми жобадан І орынмен марапатталды. Мұғалімі Найла апайына көп рахмет.Биіктен көріне беріңдер. Немерем сабағын күнделікті қадағалап отырамын.

Сөйледі: Ата-ана Ермекова Тұрсын:балаларым сабақтары жақсы.Үнемі қадағалап отырамын. Алдағы уақытта сабақтарына қатынасып,сынып жетекшімен байланысып отырамын.

Шешім:

1. І-тоқсан қорытындысы «қанағаттанарлық» деп табылсын.
2. І-тоқсан қорытындысы бойынша оқушылардың ата-аналарына үйдегі уақытта балаларының сабақтарын қадағалау жүктелсін.
3. Оқушылардың мектептегі оқу үлгерімін, тәртібін қадағалау сынып жетекшілеріне жүктелсін.

Жиналыс төрайымы:
Хатшы:



Иманалиева Жанар
Есенаманова Актоты



Есбол орта мектебі

Тренинг
«Бала тәрбиесіндегі ата-
ананың рөлі»

2021-2022 оқу жылы

Күні: 8.12

Тренингтің тақырыбы: «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі»

Максаты: Қазіргі кездегі баланың дамуына, жеке тұлға болып қалыптасуына ата-ана тәрбиесінің әдіс –тәсілдерін жетілдіре отырып, қарым –қатынас орнату.

Міндеттері: Ата-аналардың мектеппен, мұғаліммен тығыз байланысын арттыру, баланың білімге, мейірімділікке, құстамдылыққа, тәрбиелеудің жолдарын көрсету. Бала тәрбиелеу саласының аз да болса жоғарылауына ықпал ету.

Тренинг бағдарламасы:

1. «Танысу» жаттығуы.
2. Топқа бөлу.
3. Ситуациялық сұрақтар.
4. Видеоролик «Ата-анаға кеңес»
5. Қорытынды

Жүргізуші: Сәлеметсіздер ме, Құрметті ата-аналар, әріптестер! Бүгінгі біздің «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі» атты тренинг –сабағымызға қош келдіңіздер! Ата-ананың тілегі –баласының жақын болуы, еңбек сүйгіштігі, оқу мен еңбектегі табыстары.

Баланы бастан бақпасаң,

Жамандықтан қақпасаң,

Қдірден жұрдай қасқа боп,

Кешкенің өмір босқа тек,-дегендей, баланың ыстық –суығына күймейтін, жақсылығына сүйінбейтін ата-ана жоқ шығар.

Бүгінгі ұл –ертеңгі әке, ол әкеге қарап өседі. Бүгінгі қыз –ертеңгі ана, ол шешеге қарап өсіп, бой түзейді. Балаға білім, тәрбие беруде басты тұлға ұстаз болса, оны жалғастырушы, демеуші ата-ана.

Танысу жаттығуы.

Ата –аналар бір ата- ана есімін атайды, қалғандары сол аталған есімді қайталайды. Мысалы: Менің есімім «Айман». Бәрі хормен «Айман» дейді. Барлығы есімдерін атап болғанша ойын жалғасады.

Топқа бөлу.

Ата-аналар слайдтағы жүрекшелерді таңдап алады. Қызыл гүлдер – 1-ші топ. Көк гүлдер – 2-ші топ.

Ситуациялық сұрақтар

1-ші топ. Кейбір ата-аналардың баласының әрбір іс – әрекетіне көңілі толмай «сен сала алмайсың, сен істей алмайсың» деп айтып жататынын байқаймыз. Бала іс-әрекетіне теріс баға беруге қалай қарайсыз?

2-ші топ. Сіздің тұңғышыңызды атасы мен әжесі бауырына басқан. Сабағы қиындап кеткен соң, өздерін қадағалаңдар деп әкеп тастады. Балаңыз тәрбиеңізге еш көнер емес. Не істейсіз?

Видеоролик көрсету.

Ата-аналар өз пікірлерін білдіріп, ойларын ортаға салады, талдайды.

Қорытынды

Ата-анаға көз қуаныш,

Алдына алған еркесі.

Көңіліңе көп жұбаныш,

Гүлденіп ой өлкесі,- деп Абай атамyz ата-ананың қуанышы, гүлденген үміт – арманы тек перзент сүю, оны тәрбиелеу екендігін айтқысы келген екен.

Ендеше, ата-аналар қолымыздағы алтынымызды жақсылап тәрбиелейік және біздер оларға үлгі болар бейне екенімізді ұмытпайық. Адамда өмір сияқты, күлмесе жайнап өспейді дейді. Сондықтан да мына жайттарды есімізде ұстайық: «Отбасында берілген берілген тәрбие жігерінді құм қылып, жерге қаратпасын десеңіз, балаға кішкентайынан түзу тәрбие бер», - деп ата-бабамыз айтқандай, бала тәрбиесіне уақытында көңіл бөліп, еліміздің инабатты, адамгершілігі мол, білімді, саналы ұрпағын тәрбиелейік. Егер ата-ана мен мектеп өзара тығыз байланыста болса, балаларға бірдей талап қойып отырса, тәуелсіз еліміздің ұл-қыздары болып шығары сөзсіз.

Анықтама


Күні: 8.12

Тақырыбы: «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі»

Мақсаты: Қазіргі кездегі баланың дамуына, жеке тұлға болып қалыптасуына ата-ана тәрбиесінің әдіс-тәсілдерін жетілдіре отырып, қарым-қатынас орнату



Өтілу барысы : Ата-аналармен Zoom платформасында тренинг жүргізілді. Ең алдымен бір ата-ана есімін атайды, қалғандары сол аталған есімді қайталайды «Танысу» жаттығуы осылайша жалғасады. Одан әрі слайдта көрсетілген тұлғаларды тандау арқылы топқа бөлінді. Ата-аналар одан әрі ситуациялық сұрақтарға жауап беріп, жағдаяттарды талқылады. «Ата-анаға кеңес» бейнеролигін көріп, әр ата-ана пікірлерін ортаға салды. Тренинг қорытындыланып, ата-аналар кеңесінің төрайымы сөз сөйледі.

Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі



Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі

Мақсаты: Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі. Мақсаты: Қазіргі кездегі баланың дамуына, жеке тұлға болып қалыптасуына ата-ана тәрбиесінің әдіс-тәсілдерін жетілдіре отырып, қарым-қатынас орнату. Одан әрі слайдта көрсетілген тұлғаларды тандау арқылы топқа бөлінді. Ата-аналар одан әрі ситуациялық сұрақтарға жауап беріп, жағдаяттарды талқылады. «Ата-анаға кеңес» бейнеролигін көріп, әр ата-ана пікірлерін ортаға салды. Тренинг қорытындыланып, ата-аналар кеңесінің төрайымы сөз сөйледі.



Ата-аналар кеңесінің жетекшісі

А.Есенманова

А.Есенманова

Ата-аналар жиналысының хаттамасы №3

28.12.2021ж

Қатысқандар:

Сынып жетекшілер

Ата-аналар – 34

Хатшы – А.Есенаманова

Күн тәртібінде қаралған мәселе:

1. II тоқсан қорытындысы. Оқушылардың білім сапасы /А.Мусаева/
2. Қазіргі кездегі дұрыс мамандық таңдау сәтті болашақ. Емтихан тапсыру жағдайында оқушыларға қолдау көрсету /сынып жетекшілер/
3. «Біздің балаларымыз баға жетпес байлығымыз» психологиялық кеңестер /Э. Саликова/

Тыңдалды: Ата аналар комитетінің төрайымы А.Есенаманова жиналыста қаралатын мәселелер жөнінде хабарлап, баяндамашыларды таныстырды.

Сөйледі: Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша мектептің оқу ісі жөніндегі орынбасары Анар Өмірзаққызы ата-аналарға II-тоқсанның қорытындысын айтып өтті. II-тоқсанды жақсы нәтижеде аяқтағанымызды ерекше атап өтті. 2021-2022 оқу жылын 142 оқушымен бастадық. 130 оқушы бағаланды. Үздіктер саны -31, Екпінділер саны-46, Үлгерім -100, Сапа-59,2. Сонымен қатар ашық сабақтар мен сыныптан тыс шаралар өткізілді. Оқушы жетістігі мен мұғалім жетістігі де жетерлік. Осы тоқсан бойынша қуанышты жағдай мектеп директорының міндетін атқарушы Е.Козыкешов облыстық «Шағын жинақталған мектеп директорларының» байқауында 1 дәрежелі дипломмен марапатталды. Бұл мектеп үшін, аудан үшін биік жетістік. Оқушылар «Ақбота» интеллектуальды сайысына қатысып, жүлделі орындармен марапатталды. Жоғары сынып оқушылары мектепшілік олимпиадаға қатысып, аудандық кезеңге жолдама алды.

Сөйледі: 9-сынып жетекшісі С.Қоржықбаева - Мамандық таңдау деген — өзің айналысқың келетін жұмысты таңдау ғана емес, өзің араласқың келетін ортаны да таңдау. Мамандық – қарапайым өмір сүру көзі болып табылатын және қандай да бір дайындықты, жауапкершілікті талап ететін еңбек қызметінің маңызды бөлігі. Біреулер үшін – ол ойға алған арманның орындалуы, отбасы дәстүрін жалғастыру, келесі біреулер үшін – жаңалыққа, дербестікке талпыныс, үшінші біреулерге — әйтеуір бір мамандық алу керек болған соң қажет екендігін атап өтіп, өз сыныбында мамандық таңдау бойынша жүргізілген сынып сағаттары жөнінде қысқаша мәліметтер беріп өтті.

Сөйледі: Мектеп психологы Э. Саликова - Мамандық таңдау – адамның өміріндегі ең жауапты кезеңдердің бірі, өйткені бүкіл болашақ өмір осыған байланысты. Келешекте өкінбеу үшін, бұл мәселеге немқұрайлы

қарауға болмайды. Бұл сауал оқушыны ғана емес, сондай-ақ оның ата-анасын да мазалайды.

Мамандық таңдау жасөспірім шақтағы ең маңызды шешімдердің бірі. Үлкен өмірге енді ғана аяқ басқан жас ұланның алдында мыңдаған мамандықтан өзіне лайықты біреуін таңдау міндеті тұрады. Мамандықтың жаманы жоқ, бірақ мұның кез - келгеніне икемділік қажет, бұл жай күнелту, тамақ асыраудың жолы ғана емес, үлкен өнерді, зор шеберлікті қажет ететін нәрсе. Кейбір жастар мамандық таңдау ережесін білмегендіктен өзі қызықпайтын мамандықты таңдайды. Осыдан өз мамандығына қанағаттанбаушылық, реніш сезімдері болып, тіпті алдарына жоспар да құрғысы келмейді. Әрбір адам өзін - өзі дамыта алу үшін білім алып, сол біліміне сай мамандыққа машықтану керек деп ата аналарға кеңестер берді.

ШЕШІМ:

1. Оқушылардың білім сапасын көтеруге ата ана, мектеп болып жұмыстану
2. Оқушылардың мамандық таңдау кезінде дұрыс қадам жасауына, ата аналар тарапынан қолдау білдіруге жұмыстану
3. Оқушылардың көңіл күйлерін қадағалап, әрқашан таңдаған мамандықтары бойынша ізденіп, соған түсу үшін қолдау білдіру

Жиналыс төрайымы:
Хатшы:



Иманалиева Жанар
Есенаманова Актоты

АНЫҚТАМА

Уақыты: 27.01.2021

Қатысушылар саны: 7

Қатысуға тиіс: 10

Қатысқаны: 6-7- сынып ата-аналары

Тақырыбы: «Әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылық жасалмайтын Қазақстан»

Мақсаты: Әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша кеңес беру, зорлық құрбаны болудан сақтандыру

Ұтымды тұсы: Тақырып ата-аналарға таныстырылып, баяндалды. Балалардың өмірінде кездесетін кез-келген кедергіден алып шығатын ата-ананың баланың өмірінде маңызы зор екені түсіндіріліп, балада жасөспірім шағына қарай агрессивті мінез-құлықтың қандай да бір типі байқалатыны жөнінде және мұндай жағдайда қалай әрекет ету қажеттілігі жөнінде психологиялық кеңестер берілді. Зорлық-зомбылықтың құрбаны болмас үшін әр адам сақтану шараларын білуі қажет екендігі айтылды. Баланың жүріс тұрысынан, үйдегі әрекетінен оның зорлық-зомбылық құрбанына айналып жүргенін анықтауға болатындығы да ескертілді.



Түйін: Ата-ана баласының сөйлеу мәнеріне емес мазмұнына және оның жүріс тұрысына көңіл аударуы қажет. Бұл сәтте ызаның себептерін анықтау маңызды. Егер де ол сізге айқайласа, онда ол сізге бір нәрсені айтпақ. Сіз ата-ана ретінде мұны естуіңіз керек.

Мектеп педагог-психологы

Э. Саликова

Мамандық таңдау – өміріңіздің бір кірпішін дұрыс қалау.
Ең қиын мамандық – адам болып қалу.

Хосе Луиан Марти

Мамандық... «Мамандық» сөзінің өзі латын тілінен аударғанда: «жұрт алдында сөйлеу, жариялау» -дегенді білдіреді екен. Бірақ болашағымызбен тікелей байланысты бұл сөздің бұлай аударылатынын қазіргі жастардың көбісі біле бермейді, тіпті мен де енді ұға бастағандаймын. Бұрындары, яғни есте жоқ, ескі заманда мамандықтың қазіргідей түр-түрі болмаған, әр адамның өз қолынан қандай жұмыс келеді сол жұмысты істеп, өмір сүрген. Ал қазір ше?

Заман өзгерген сайын, адам да жетіліп, нарықтық қарым-қатынас пайда болып, қоғам дамып, дүниеге түрлі жұмыс, сәйкесінше, түрлі мамандық келе бастады, әлі де олардың шегі көрінер емес. Дегенмен саны бар, сапасы болмаса оның елімізге, өзімізге не пайдасы бар?!

Мамандық таңдау деген — өзің айналысқың келетін жұмысты таңдау ғана емес, өзің араласқың келетін ортаны да таңдау.

Мамандық – қарапайым өмір сүру көзі болып табылатын және қандай да бір дайындықты, жауапкершілікті талап ететін еңбек қызметінің маңызды бөлігі. Біреулер үшін – ол ойға алған арманның орындалуы, отбасы дәстүрін жалғастыру, келесі біреулер үшін – жаңалыққа, дербестікке талпыныс, үшінші біреулерге — әйтеуір бір мамандық алу керек болған соң. Мамандық таңдау – тағдырыңды таңдау деген сөз. Кейінгі өмірде өкінбейтіндей, өз қабілеті мен бейімділігіне сай кәсіп түрін таңдау. Бұл — өте жауапкершілікті және маңызды іс. Мамандықты таңдау үшін, адам ең алдымен өзін, өз бейімділігін тануы қажет. Өз — өзіне «Мен кімін?», «Осы өмірдегі менің орным қандай?», «Қалай өмір сүремін?» деген сұрақ қоюы керек деп ойлаймын. Мамандық таңдауда әр адам өзінің қызығушылығына, қабілетіне, бейімділігіне, қалауына сүйенуі керек.

Өз ісін жақсы көріп, үлкен жауапкершілікпен атқарғанда ғана адам өзін бақытты сезінеді екен. Жас ұрпақты білім нәрімен сусындатар, шәкірт жүрегіне гүл егер, бала жанының бағбаны аяулы ұстаздар емес пе? Ұстаз – таудан арқырай аққан тау өзені секілді, айналасына қуат беріп, жолында кездескендерді суымен нәрлендіріп, таудай қиындықтарды тастай домалатып, білімнің сар даласында тыныштық тауып, дамылдайды. Ұстаз – Жер деген әлемнің бетін көркейткен, шәкірттеріне шуақ төккен Күн-Ана. Ұстаз – ақылдың тозбайтұғын асылы. Қасиетті мамандық иелерінің ішіндегі жауһары. Өзге мамандық атаулылары өздерінің түр-сипатын мың құбылтып жатса да, еш өзгеріссіз сол бәз баяғы қалпында жас ұрпаққа адамгершілік қасиеттердің дәнін еккен диқаншы. Менің мамандығым – мұғалім. Қиындығы мен қызығы мол осы мамандықты бала күнімнен армандадым.

«Ұстаз болу – ұлылықтың бастауы» демекші, менің балалық шақтағы алып армандарымның бірі – ұстаз болу болатын.

Әсемпаз болма әрнеге,

Өнерпаз болсаң арқалан.

Сен де бір кірпіш дүниеге,

Кетігін тапта бар қалан, – деп Абай атамыз айтқандай, өмірден өз орнын тауып, елімізге қажетті кәсіп иесі болу бәріміздің арманымыз. Мен бұл мамандыққа қалай келдім? Бұл сұраққа нақты жауап бере аламын. Мені қиындығы мен қызығы қатар жүретін жолға жетелеген табиғатқа деген қызығушылығым ояна бастады. Қазақтың көркем табиғатын бейнелейтін жырларды оқыған кезде, сезімталдығымның әсерінен болар, ерекше бір сезімге бөленетін едім. Айналадағы барлық құбылыстар, өзгерістер, қарым-қатынастар барлығы да маған тек жақсы жақтарынан көрінетін. Сонымен қатар, елі қуанса, бірге қуанып, мұнайса, бірге мұнайып өткен ғасыр ойшылдары А.Байтұрсынұлы мен Ы.Алтынсариннен бастап, қазіргі ұрпақтың қамын ойлап, ана тілімізді дәріптеп жүрген Шерхан Мұртаза, Мұхтар Шаханов және де жақын арада ғана қазақ еліне өзінің үлкен

мұрасын қалдырып кеткен Фариза Оңғарсынова, Мархабат Байғұт сынды текті ақындар мен ғұламалардың, айналамдағы мәдениеттілік пен салт-дәстүрді қатаң ұстанатын үлгілі ұстаздарымның арқасында қызығушылығым одан сайын артып, шабытым ұлғая түсті. «Шабытынды шарықтат, сонда ғалам сен үшін бұрын қамал тұрған жерлерден жол ашады», – деп атақты ағылшын ойшылы Джозеф Кэмпбэлл айтқандай, адам шын жүрегімен қатты қалаған, талпынған ойы міндетті түрде жүзеге асады деп ойлаймын. Ал ол үшін талпыныс қажет. Алға талпыну – тыныштықты жоғалту, бір орында қалып қою – өзіңді жоғалту болып саналады. Одан соң болжау, нақты қайда бара жатырсың, не үшін бара жатырсың, соны болжалдап, нақтылап алып болған соң ғана талпынуымыз керек. Ал жетістіктерге қол жеткізу үшін, әрекет етіп қана қоймай, қиялдауымыз да керек, жоспарлап қана қоймай, сенуіміз керек. Ең бастысы – сенім. Алға қойған мақсаттарым үшін еңбек етсем, сол мақсаттарым болашақта елім үшін, мен үшін еңбек ететін болады. Мен оған сенімдімін. Маған және Отаныма еңбек ететін мақсатты дұрыс таңдағаным сенімдімін! «Өзіңді өзің танысаң – істің басы» – деген ақынымыз Шәкәрім Құдайбердіұлының ой-тұжырымы менің де көкейіме қонады. Мұны тегінен-тегің тілге тиек етіп отырған жоқпын. Иә, ең әуелі адам өзін танып білсе, сонда ғана немен айналысатынын, кім болатынын анықтай бастайды. Ал мен болсам жан-жақты болғым келді, бәрін білгім келді және ол армандарым да уақыт еншісімен орындалды. Мен осы жұмыс орныма жоғарғы оқу орнын бітіріп жас маман болып келдім. Бұл мамандыққа оқып, жұмыс та жасағаным үшін еш өкінбеймін. Әрине кеше ғана бастадым, тәжірибем де аз, бірақ заман талабына сай ұрпақтарымызды ұлтшыл жан қылып, рухани және адамгершілігі мол, «сегіз қырлы – бір сырлы», сыр мінезді, білімді, тәрбиелі етіп тәрбиелеуге тамшыдай болса да үлесімді қосамын деп ойлаймын. Мен болашақта өзім таңдаған мамандықтың шебері боламын деп сенемін.

Атақты ғұлама Әл – Фараби айтқандай :

Ісім оңсын десеңіз,

Сол істің маманы болыңыз.

Даңқым шықсын десеңіз,

Көпшіліктің адамы болыңыз.

Мектеп — балалардың екінші үйі болса, ал ұстаздар екінші анасы десек те артық етпейді. Әр үйдің еркелерін бір арнаға тоғыстырып, олармен жұмыс жасау оңайға соқпайды. Алайда баланың тілін тауып, тілдесу, жақсы тәрбие берудің өзі бір үлкен ғанибет. Ойымды қорыта келе, ақ парақ бетіне сызу сызғандай баланың кіршіксіз санасына алғашқы адамгершілік, мейірімділік нұрын сеуіп, білім, өнер нәрімен сусындату мына біз мұғалімдердің еншісінде. Сондықтан да ұстаздың міндеті талап пен еңбекті оқушыдан талап ете отырып, білімнің теңізінен маржан тергізу. Менің мамандығым әлемдегі ең қажет мамандықтардың бірі, сондықтан мамандығымды мақтан тұтамын.

Мамандық таңдау – адамның өміріндегі ең жауапты кезеңдердің бірі, өйткені бүкіл болашақ өмір осыған байланысты. Келешекте өкінбеу үшін, бұл мәселеге немқұрайлы қарауға болмайды. Бұл сауал оқушыны ғана емес, сондай-ақ оның ата-анасын да мазалайды.

Мамандық таңдау жасөспірім шақтағы ең маңызды шешімдердің бірі. Үлкен өмірге енді ғана аяқ басқан жас ұланның алдында мыңдаған мамандықтан өзіне лайықты біреуін таңдау міндеті тұрады. Мамандықтың жаманы жоқ, бірақ мұның кез - келгеніне икемділік қажет, бұл жай күнелту, тамақ асыраудың жолы ғана емес, үлкен өнерді, зор шеберлікті қажет ететін нәрсе. Кейбір жастар мамандық таңдау ережесін білмегендіктен өзі қызықпайтын мамандықты таңдайды. Осыдан өз мамандығына қанағаттанбаушылық, реніш сезімдері болып, тіпті алдарына жоспар да құрғысы келмейді. Әрбір адам өзін - өзі дамыта алу үшін білім алып, сол біліміне сай мамандыққа машықтану керек

Мамандық таңдау - өте жауапкершілікті және маңызды іс. Мамандық таңдауда әр адам өзінің қызығушылығына, қабілетіне, бейімділігіне, қалауына сүйену керек. Қазіргі таңда мамандықтың түрі көп. Таңдау жасау оңай емес. Ең бастысы - адам еңбекке қабілетті, зейінді болуы қажет және оның мамандығы өзі өскен ортаға маңызды, бағалы үлес қосатындай болуы шарт. Өз ісіне сенімді, дұрыс таңдау жасаған адам ғана жетістікке жетеді.

Есбол орта мектебі



**«Әйелдер мен балаларға
қатысты зорлық-зомбылық
жасалмайтын Қазақстан»**

Ата аналарға арналған дөңгелек үстел

Дайындаған: Э. Саликова

2021-2022 оқу жылы

Әйелдер мен балаларға зорлық зомбылық жасалмайтын Қазақстан

Психологиялық зорлық – зомбылық және оның салдары

БҰҰ – ның балалар құқығы комитетінің көзқарасы бойынша денеге зақым келтіру адами қадір – қасиетті қорлайды. Сондай – ақ жазалаудың күш көрсету, денеге зақым келтіруден басқа да түрлері бар, олар тәнге зақым келтірмесе де кәтігездік танытып, кемсәту арқылы адамның ар – намысын қорлай отырып, БҰҰ-ның Балалар құқығы туралы конвенцияға сәйкес келмейді. Бұл әрекеттер баланың өзін-өзі бағалау қасиетіне соққы болып тиеді, әрі баланы кемсітіп, масқаралап, қаралап, кінәлі екендігін мойындатып, қорқытып, келекелеуге бағытталған.

Психологиялық зорлық – зомбылық әдейі өзінің билігі мен бақылауын көрсете отырып, дауыс көтеру арқылы баланың мінез – құлқын өзгертуге талпыну кезінде байқалады.

Психологиялық зорлық – зомбылыққа әйел адамда 50% , еркек адамда 50% тең дәрежеде ұшырайды. Балаларға кәтігездікпен қарау тек ұрып - соғумен шектелмейді. Келеке ету, зәбір көрсету, намысына тиетін теңеулер, орынсыз сынау бала жанына зақым келтіреді.

Сонымен қатар психологиялық зорлық – зомбылыққа шеттетілуі, қарым – қатынас салқындығы, психологиялық және моральдық қолдаудан ада болу жатады.

Психологиялық зорлық – зомбылық үнемі қайталанып тұратын кемсіту, зәбір көрсету, тәлкек ету, балаға қоқанлоқы көрсету, қауіптілікке қшырату. Балаларға көрсететін эмоциялық (психологиялық) зорлық – зомбылық эмоциялық ортаға бағытталған: баланы эмоциялық күйзеліске ұшырататын кез – келген әрекет оның потенциалды қабілеттілігінің дамуын тежеп, зиян келтіреді.

Психологиялық зорлық – зомбылықтың қолданылатын түрлері:

- Оқшалау, яғни баланы әлуметтік қатынастан оқшалау, өзара қарым – қатынастан бас тарту;
- Сөйлеспеу, мәселені талқылаудан бас тарту;
- Тыйым салынған дүниелерді сату;
- Зақым келтірудің бір түрі – баланы сөзбен қорлау;
- Қоқан – лоқы көрсету, қорқыныш сезімін тұрақты түрде қалыптастыру;
- Үнемі күйзелісте ұстау, қорқыту, қоқан – лоқы көрсету;
- Балағаттау, мысқылдау, мазақтау, балаға лақап ат қою, айғайлау, ашу шақыру, жазалаумен қорқыту;
- Рухани бүлдіру, яғни баланы қоғамдық нормаларға қарсы келетін әрекеттерге баланы мәжбүрлеу, еліктіру, балаға зиян келтіру (баланы ұрлық жасауға, ішімдік немесе есірткіні қолдануға мәжбүрлеу, еліктіру).

Балаларға **Психологиялық зорлық – зомбылық** көрсету өте қиын түрде анықталған қиянат жасау болып табылады, әр баланың психикалық дамуына ықпал ететін зорлық – зомбылықтың бір түріне жатады. Психикалық немесе эмоциялық зорлық – зомбылық ата – ана арасындағы өзара әрекетті бұзатын, қайталанып отыратын үлгі ретінде орын алады. Балаға сен сүйкімсізсің, жағаымсызсың, нашарсың деп айта берсек, ол осы қасиеттерді бойына сіңіріп алады. Осындай жағдайда ішімдіктің салдарынан немесе басқа да факторға байланысты орын алуы мүмкін.

Психологиялық зорлық – зомбылыққа байланысты алаңдатушылықты тудыратын белгілер:

- Ата – ана тарапынан болған әрекеттер саналы түрде және мақсатты түрде немесе санасыз түрде болуы мүмкін.
- Баланы тастап кетемін деп қоқан – лоқы көрсету психологиялық зорлық – зомбылықтың бір түріне жатады.
- психологиялық зорлық – зомбылық қиянат жасаудың бір ғана түрі болуы мүмкін немесе қатаң жазалаудың жәбірлеудің немесе бақылаусыздықтың түрлерімен бірігуі мүмкін.

Ата – ана мен баланың арасындағы қолайсыз қара әрекетті мыналардан тұруы мүмкін:

- Балаға деген негатив немесе дұшпандық қатынас;
- Сөзбен кінәлау және/немесе балаға қоқан – лоқы көрсету;
- Ата – ана баланың құндылығын, легитимділігін мойындамайды, жақтырмайды, баланы жасына, дамуына қарамастан орынсыз жазалай береді, яғни қасқардың аузы жесе де қан, жемесе де қанға саяды.
- Баланың дамуы өзінің жасына сәйкес келмейді, барабар емес.
- Баланың мінез – құлқы мен жетістіктеріне қойылатын талаптар өте жоғары, өзін – өзі бағалауы төмен.
- Бала қорқынышты немесе зақым келтіретін қайғыға ұшырайды.
- Баланы өзінің пайдасына өл жеткізу үшін пайдалану.
- Ата – аналар баланы әлуметтендіруге қамданбайды (мысалы, баланы заңсыз қатынастарға еліктіреді, баланы оқшаулайды, барабар білім бермейді).
- Бала әлуметтік тәжірибеден оқшауланады /айырылады, құрбыларымен қатынас үзіледі.
- Бала еркіндіктен айырылады, мысалы, қамауда отырады.
- Ата – аналар бүлдіргіш, қоғамға қарсы тәртіпті қолдайды немесе баланы жыныстық тұрғыда қолдану үшін пайдаланады.
- Бала медициналық немесе табиғи түсінікке ие болғаны үшін жазаланады.
- Ата – аналар сезімін білдірмейді, баланың ынтасына, талпынысына бей – жай қарайды.
- Психологиялық қолжетімсіздік және баланы елемеушіліктің салдары баланы өзара әрекеттесуге талпыну тудырмайды. Сәби балалар жақсы эмоциялық қатынасқа мұқтаж.
- Отбасындағы зорлық – зомбылыққа куә болған балар.

Балалардағы белгілер:

Симптомдар қысқа немесе ұзақ уақыттан кейін байқалуы мүмкін және келесі түрде болуы мүмкін:

- Үрей, қозу, шошу,
- Жабығу, жалғыздық,
- Қашу,
- Даму кемшіліктері,
- Ішімдік/есірткі,
- Тамақтанбау,
- Физикалық тұрғыдан кешігіп дамуы,
- Тәртібіндегі өзгеріс.

Психологиялық зорлық – зомбылықтың салдары:

- Баланың мінезі тұйықталып, өзімен өзі болады,
- Қымсыну, қорқыныш, сенімсіздік кешендері дамиды.

Көптеген зертеушілердің баланың жас кезінде басынан өткізген зорлық – зомбылықтары айтарлықтай ауыр зардап әкеледі деген пікірлері бір жерден шығады. Психологиялық зорлық – зомбылық әзірге аз зеттелген мәселе болып тұр. Зорлық – зомбылық әрекетінің құрбаны мен күш көрсететін адам әрекеттерін зорлық деп таниды. Психологиялық зорлық – зомбылыққа балалар, жас өспірімдер ұшырайды, зорлық – зомбылықтың салдары жасырын немесе мерзімі ұзарып кеткен сипатқа ие болады. Тұлғаның сана сезіміне зорлық – зомбылық ауыр әсер етеді, бала өзін төмен санап, зорлық пен мінез – құлықтың кертартпалығы арқылы психологиялық бұзушылыққа жол береді.

Психологиялық зорлық – зомбылық фактілері күдік туғызған кезде қолданылатын шаралар:

- 102 нөміріне – полицияға, ювеналды полицияға және қамқоршылық органдарына хабарлау.

Қатал емдеу көбінесе ата-ананың ашу-ызасын, ренішін немесе немқұрайдылығын сезінетін жағымсыз эмоциялар аясында болады. Сонымен қатар, ата-ана ұлына немесе қызына ғана айқайламайды, бұл, әрине, өздігінен бүлінеді, бірақ сөзбен айтқанда баланың қадір-қасиетін қорлау мен қасақана қорлау бар. Немесе ата-ана жүйелі түрде баланың шағымдарын елемейді, оны жұбатпайды, баланың оған қалай мұқтаж екенін түсінеді және осылайша баланың азап шегуіне себеп болады.

Қарапайым отбасылардағы балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың типтік мысалдарын қарастырайық.

Ата аналарға сұрақтар беріліп, ата аналардың пікірлері тыңдалады.

1-жағдай. Бала мектептен басқа шешіммен келеді. Ата-ана бұл жағдайды ойлайды. Нашар бағаның себебін түсінбейтін ата-ана баласын айқайлайды, қорлайды және қорлайды. Баланың сылтаулары ескерілмейді. Бұл жағдайда ата-ана физикалық жазалау қаупін қолданады.

Осы сәтте бала не сезінеді? Қатты қорқыныш пен үрей. Ата-ана мен баланың арасында түсінбеушілік туа бастайды, оқуға деген ынтасы күрт төмендейді.

2-жағдай. Бала мектептен көз жасымен және мұрны сынған күйде келеді. Мектепте ұрыс болды. Ата-ана баланың өзі жанжал шығарды деп санайды, ол оқиганың мән-жайын білмейді, баланың атын атайды және оны кінәлі деп айыптайды.

Балада кінәнің терең сезімі бар, ол өзі барлық қиындықтардың қайнар көзі екеніне өзі сене бастайды.

3-жағдай. Бала ата-ананың бөлмені тазарту туралы келесі өтінішін елемейді. Ата-ана енді онымен сөйлескісі келмейтінін айтады. Байкот бір аптаға созылады, баланың көз жасына және жалбарына қарамастан, мұны тоқтатыңыз. Бала депрессияға ұшырайды, өзін кінәлі сезінеді, ересек адамға деген сенім жоғалады.

Видеоролик көрсету

Қатал емдеу - ата-ананың балалық шағынан

«Ата-аналар әрқашан өзінің балалық шақтарын баламен қарым-қатынасқа ауыстырады. Агрессивті мінез-құлықтың стереотиптерін көмексіз бұзу өте қиын. Келесі схема жұмыс істейді: тітіркендіргіш жағдай - агрессивті реакция - кінә - өзіне және балаға деген жағымсыз қатынасты күшейту - бұл «зиянсыз» себеп Мария Холодцова былай дейді: «Біз бұл қатал шеңберді бұзуға тырысуымыз керек».

Ғылыми зерттеулер балалық шақта алған психологиялық жаракат адамның одан әрі дамуына әсер ететіндігін растайды. Мұндай балалар мектепте және қарым-қатынаста қиынырақ болады, сонымен бірге олар депрессияға бейім болуы мүмкін.

Статистикаға сәйкес психологиялық жаракат алған балалар басқаларға қарағанда агрессивті. Сонымен қатар, балалық шақта ересек адамның агрессиясымен жиі кездесуі адамның үнемі біреудің - жағдайлардың немесе адамдардың құрбаны болуына әкелуі мүмкін. Балалардың жаракаттануы қауіпті жағдайларда әрекет ету әдістерін таңдауға әсер етеді - өзіне және қоршаған әлемге деген сенім деңгейі төмендейді.

Дегенмен, бірқатар зерттеушілер әр баланың өзіндік ерекше сипаты бар екенін дәлелдейді. Егер бір адам үшін бала кезіндегі жаракаттар икемді және психологиялық тұрғыдан тұрақты болуға ынталандыратын болса, онда басқа біреу үшін ата-аналарға реніш оның бүкіл өмірінің мәні болады.

Балаңызбен қарым-қатынас стилін қалай өзгертуге болады?

Осы немесе басқа жолмен, сарапшылардың көпшілігі кез-келген жағдайда баланың психологиялық жаракат алған жағдайына немқұрайлы қарамау мүмкін емес деген пікірмен келіседі. Ата-аналар жақсы қарым-қатынасты түсінудің және құрудың жолын табуға тырысуы керек. Бірінші қадам өзгерістің қажеттілігін мойындауы мүмкін. Әрі қарай іс-шаралар жоспары келесі кезеңдерден тұруы мүмкін:

1. Өзіңіздің психологиялық денсаулығыңызбен жұмыс жасаңыз. Күнделікті тәртіп, дұрыс тамақтану, салауатты өмір салты, хобби, релаксация.

2. Баланы сізді не мазалайтынын, қандай сәтте болатындығын, яғни «қоздырғышты» білу.
3. Агрессивті реакция басталған сәтте өзін тоқтату әрекеті. Әрине, бұл айтуға оңай. Әр кезде сіз өз наразылығыңызды неғұрлым жұмсақ білдіре бастасаныз, оны жазып алыңыз және өзіңізді мадақтаңыз.
4. Сіз және сіздің балаңыз бірге жақсы және қызықты болатын іс-әрекеттерді табу. Бұл бірлескен серуен, қызықты бағдарламаны көру, мұз айдынына бару және шығармашылықпен айналысу болуы мүмкін. Алғашында мұндай сабақтарды баланың талантын анықтап, барлық отбасы мүшелерінің өзін-өзі бағалауын күшейте алатын тәжірибелі мұғалім ұйымдастырса, бұл керемет.

Бірте-бірте бұл қуанышты және жағымды сәттер теріске айналуы керек.

Өкінішке орай, ерік-жігермен барлық адамдар өздерінің мінез-құлқын өзгерте алмайды. Отбасы тарихын, сіздің мінез-құлқыңыздың ерекшеліктерін түсінуге, балаңызбен қарым-қатынастың жаңа түрлерін дамытуға бағытталған психологпен жұмыс істеу сіздің отбасыңыздың және сіздің балаларыңыздың отбасылық өміріндегі жаңа бағыт болатыны сөзсіз.

Үш жыл бұрын Ресейде балалар, жасөспірімдер мен олардың ата-аналарына арналған сенім телефоны іске қосылды. Онда жұмыс жасайтын кәсіби психологтар әр нақты жағдайға шешім табуға мұқтаж адамдарға көмектесуге тырысады. Сіз сенім телефонына Ресейдің кез-келген нүктесінен 8 800 2000 122 нөмірі бойынша қоңырау шала аласыз.

аңыз	шындық
<i>Қазіргі уақытта баланы отбасында қорлау сирек кездеседі. Ол өткен кезеңде адамдар қатал болған кезеңде қалып қойған.</i>	Ішкі істер министірлігінің статистикасы бойынша орын алған қылмыстың көбісі – ол отбасы – тұрмыстық жағдайда болған қылмыстар.
<i>Зорлық әлеуметтік деңгейі төмен отбасыларында ғана болады.</i>	Зорлық әлеуметтік деңгейі әр-түрлі және жұбайлардың білім деңгейі әр-түрлі отбасыларында болуы мүмкін. Бұның ерекшелігі әлеуметтік деңгейі төмен отбасыларындағы зорлық барлық адамдардың көзінше бола береді, ал әлеуметтік деңгейі жоғары отбасыларында бұндай жағдайды көбінесе жасырады.
<i>Зорлықтың бір себебі алкоголизм.</i>	Шынымен, зорлық жасау актілері көбінесе алкогольдік жағдайда болған кезде орын алады. Зомбылықтың орын алуына алкоголь кінәлі емес, оны жасаған адам кінәлі. Сондай-ақ кейбір зомбылықтың иесі «салауатты өмір салтын» ұстанатын еркек немес әйел болуы мүмкін.
<i>Отбасындағы зорлық, ол болса да ол отбасының жеке мәселесі..</i>	Отбасындағы зорлық – бұл қылмыстық жазаланатын әрекет. Көптеген елдерде заңгерлер мен адвокаттар отбасындағы зорлық барлық қылмыс түрлерінен бірінші орында деп санайды. Насилие в семье – это уголовно наказуемое деяние. Егер отбасындағы зорлыққа ертерек аралассаң, онда барлығы қолайлы бітуге мүмкіндік мол.

Есбол орта мектебі

Балаларды вирустық аурудан қалай сақтауға
болады ?



Мектеп медбикесі : Жолдасова Ханым

1. Қазіргі кезде вирусты анықтау жолында сынақтар жүргізіліп жатыр. Алайда, бұл инфекцияға тосқауыл қоятын вакцина әлі жасалған жоқ. Демек бұл ауру тұмаудан қатерлі болуы мүмкін.
2. **ҚОЛ ЖУҒАННЫҢ КӨМЕГІ БАР МА? ГИГИЕНА ВИРУСПЕН КҮРЕСЕ АЛА МА?**
Қолдың 1 шаршы сантиметрінде шамамен 1500 микроб өмір сүреді екен! Ал қолды сабындап жуғанның шынымен көмегі бар ма? Вирус тірі нәрсе ме? Вирус қалай көбейеді? Сонда бізді не қорғай алады? Көктемде қандай вирустар оянады? Қандай антисептиктердің пайдасы жоқ? Қандай ережені әлі күнге дейін білмей жүрміз?
Ойға шабуыл (сұрақтар қойылады)



1) короновирус деген не?


Ғалымдар оған короновирус деген анықтама беріп отыр. Бұл латынның (тәж) немесе HALOS (шеңбер) деген сөздерден пайда болған атау.

Өйткені, короновирус микроскоппен қарағанда осы екеуінің қосындысын еске түсіреді. Бұл вирустар тобына адамға тигізетін бірнеше түр кіреді. Олардың бірі тұмауға шалдықтырса, өзгелері жарқанаттар мен түйелерден кездесіп, бүгінгі ғалымдар SARS (ауыр әрі өткір респираторлық синдром) деген акрониммен белгілі болып тұр.

Вирус деген не?

Вирустар көзге көрінбейді. Оның мөлшері – орташа бактерияның жүзден бір бөлігіндей. Негізінде вирустар бүкіл жер жүзіндегі тірі тіршілік иелерінен, соның ішінде бактериялардан әлдеқандай көп. Тұмау вирусының өзінің 2 мыңнан астам түрі бар. Вирус деген тірі нәрсе ме? Бұл жерде ғалымдардың пікірі әртүрлі. Вирустар паразиттік нуклеопротеиндік кешен деп аталады. Қарапайым тілмен айтқанда, бұл баса-көктеп кіріп, жаулап алатын микроорганизмдер. Вирустардың пішімі әртүрлі – шиыршық, көпбұрыш, сфера және т.б. Олардың жасушасы жоқ, олар тағамды энергияға айналдыра алмайды, ал қожайынсыз (ол жаулап алған ағза) химиялық заттардың кішкене ғана бөлігі. Сондықтан, бір жағынан, оны тірі деуге келмейді.

Екінші жағынан, «өлі» деген сөзге де сәйкес емес. Өйткені вирустарда көбейе алатын бірнеше ген бар. Вирустар қалай көбейеді? Вирус ұзақ уақыт тыныш күйде болып, қозғалмай «жата береді». Бірақ кенеттен «шошып оянып» өзіне қолайлы қожайынға кіріп алады. Вирустар барлық организмдерге жұғады – жануарлар мен өсімдіктерден бастап, ядросыз бір клеткалы микроорганизмдерге дейін.



Мұғалім сөзі: Сонымен, біз коронавирус ауруы туралы білгенімізді, білетінімізді ортаға салдық. Енді осы аурудан өзімізді қалай қорғап қаламыз? Осы төңірегінде ой қозғасaq.

- 1) Ауруға шалдыққан адамдармен қарым-қатынаста болмау
- 2) Қолды сабынмен жиі және мұқият жуу керк
- 3) Жабайы жануарларға жақындамау
- 4) Мұрынның бітелуі мен жөтел кезінде майлық пайдалану



- Негізгі ереже – саусақтар мен оның арасына жақсылап жағып, бүкіл қолды 30 секунд бойы мұқият тазалау. Антисептик таңдағанда назар аударыңыз:
- Триклозан бактериялармен ғана күреседі. Тұрақты қолданғанда бактериялар триклозанға төзімділігін күшейтіп, сондықтан ол тиімсіз болып қалады.
 - Парабендердің нейротоксикалық әсері бар. Ол теріні тітіркендіреді. Этил парабенімен, метил парабенімен, пропи́л парабенімен және пилил парабенімен көп қолданбаған жөн.
 - Хош иістер жағымдылыққа бола қолданылады. Бірақ одан аллергия болуы мүмкін. Сондықтан иіссіз антисептикті таңдаған дұрыс. Тағы қандай ереже сақтау керек?
 - Жөтелгенде және түшкіргенде аузыңыз бен мұрныңызды көлегейлеп жабыңыз. Майлықты қақпағы бар коқыс контейнеріне лақтырыңыз да, қолыңызды спирті бар антисептикпен сүртіңіз немесе сабындап жуыңыз.
 - Жуылмаған қолды бетіңізге, көзіңізге тигізбеңіз.
 - Шашты жалбыратпай, жинап жүріңіз. Адам көп жерлерде жайылған шашыңыз біреудің бетіне тиіп, тағы заттарға тиіп, вирус жұқтыру қаупін арттырады.
 - Жөтелген, түшкірген адамдардан кемінде 1 метр қашықтықта болыңыз. Сөйлесуді, сүйісуді, құшақтасуды, қол беріп амандасуды шектеңіз. Бөлмені жиі желдетіңіз

• Есік тұтқаларын, кіреберістегі баспалдақ ернеуін, қоғамдық орындарда тұтқалар мен т.б. заттарды ұстамауға тырысыңыз. Үйге келе сала, қолды жақсылап сабындап жуыңыз. Аурудың таралуы кезінде шикі немесе ысытылмаған тағамды жеменіз, Әсіресе жақсылап қайнатылмаған мал етін.

• Дене қызуы көтеріліп, жөтел немесе тыныс алу қиындаса, мүмкіндігінше тезірек



медициналық көмекке жүгініңіз.

КОРОНАВИРУС: АУРУДЫҢ БЕЛГІЛЕРІ МЕН САҚТАНУ АМАЛДАРЫ

Іңдеттің қоздырғышы – коронавирустың жаңа түрі 2019-nCoV

АУРУДЫҢ БЕЛГІЛЕРІ:

бас ауруы

мұрынның бітелуі

жөтел

неуденің
шаншып
ауыруы

дененің
қалтырауы

жоғары
температура

жүректің
қатты соғуы

тыныс арудың
жиілеуі

АУРУДАН САҚТАНУ ШАРАЛАРЫ:



қолды
антисептикалық
сабынмен жуу



ауруға шалдыққан
адамдардан алшақ
жүру



ет пен жұмыртқаны
жақсылап
пісіру/қуыру



мұрынның бітелуі
мен жөтел кезінде
майлық пайдалану



жабайы жануарлар
мен малға
жақындамау

Аурудың белгілері байқалғанда
көмекке шақыру қажет

☎103

Қосымша ақпарат алуға
болады

☎1406

Ресми: Мәдениет, Өмір, Денсаулық, Ақпарат
Денсаулық: 103 (көмекке шақыру қажет)

Коронавирус ауруы туралы Не білдік? Не үйрендік?

Оқушылар өз ойларын ортаға салады

Сынып сағатының қысқа мерзімді жоспары

Сыныбы:	Уақыты:	Сынып жетекшісі:
Сынып сағатының тақырыбы:	Балаңызды жат әдеттен сақтаңыз	
Сынып сағатының мақсаты:	Балаларымызды жат әдеттерден сақтауға, оларға көбірек көңіл бөлуге тәрбиелеу. Ата-аналардың өзара қарым-қатынасын жақсарту, отбасындағы қарым-қатынасты үйлесімді ету, оң көңіл-күй тудыру, өзара қолдау және сенімділік атмосферасын қалыптастыру.	
Сынып сағатының міндеті	- Балаларды жат әдеттен сақтауға баулу - Ата аналардың өзара қарым қатынасын нығайту	
Бағалау критерийлері:	- Жат әдеттерден балаларының бойын аулақ ұстау жөнінде бағыт бағдар алады. -	
Сынып сағатының түрі:	Семинар тренинг	
Игерілетін дағды:	Тыңдалым және айтылым	
Ресурстар:	Кесте, бейнематериал, стикер, Аз парак, фломастерлер, т.б.	
Функциональдық сауаттылық:	Тұрмыстық сауаттылық (ата аналардың әлеуметтік дағдыларын дамытудың негізі)	
Жүру барысын алдын ала үйлестіру	Ата аналар төрайымы алдын ала сынып бөлмесін (парталардың топтың үлгісі) дайындап қояды. Бұл жерде «үстел» үстін әдемі гүл салынған құмырамен немесе интерьерлік заттармен әсемдеу ұсынылады. Ата аналар төрайымы (бұл жерде кабинет иесі): - (сонымен қатар бос кеңістік, тайм-клуб, тайм-кафе) — әлеуметтік бағыттағы қоғамдық мекемелердің бір түрі, негізгі сипаттамасы-ең алдымен уақытты төлеу, оның құнына ойын-сауық және іс-шаралар кіреді. Құрметтілерім, бүгінгі біздің семинар тренингімізде «Балаңызды жат әдеттен сақта» тақырыбында әңгімелесіп, жат әдеттердің зияны жөнінде мағлұмат алатын боламыз.	
Алғашқы сөз (кезең)	Тапсырма №1 «Ең қауіпті нашакорлық есірткілер» бейнематериалынтамашалау. Бейнематериал желісіне сәйкес сұрақтарға жауап беру. Сұрақтар: - Есірткінің адам денсаулығына қауіпті ме? - Бейнематериалда не жөнінде айтылған?	
Ортаңғы кезең	Бейнематериал сілтемесі:	
Тапсырмалар легі	https://yandex.kz/video/preview/?filmId Дискриптор: - Бейнематериалды түсініп қарайды;	

	- Бейнематериал мазмұнына сәйкес берілген сұрақтарға жауап береді. Тапсырма №2 Бейнематериал мазмұнына сәйкес постер қорғау. 1-топ: «Темекінің адам өмірі мен денсаулығына тигізетін залалы» 2-топ: «Есірткінің адам өмірі мен денсаулығына тигізетін залалы» 3-топ: «Ішімдіктің адам өмірі мен денсаулығына тигізетін залалы» Темекінің зиянын білесің бе? Темекі шегу барысында оның жартысы жанып кетеді, жұтылатын түтіннің құрамында никотин, көміртек тұтығы, синил қышқылының бөліктері және басқа да сол сияқты химиялық заттар бар. Оның ішінде ең улысы – никотин, оның уы ағзаға еніп, әуелі тітіркендіреді, одан соң жүйке жүйесіне әсер етеді, қан тамырлары тарылып, сілемейлі қабаты зақымданады. Егер де никотин көп мөлшерде ағзаға енсе, дене тырысып өліп кетуі мүмкін. Никотин ағзаға бірден емес, шамалап енеді, сондықтан да, шылым шегуші қатты уланбайды. Ол біртіндеп болады. Сергіту «Кім жылдам?» Ата аналар бала тәрбиесіне қатысты сұрақтарға қолдарына таратылып берілген әріптер бойынша қызықты жауаптарын береді. Тапсырма №3 Бейнематериал мазмұнына сәйкес мақал-мәтелдер бойынша сурет сал. Өзіңе ұнаған мақалдың мазмұнын өз ойыңмен түсіндір. Дискриптор: - Бейнематериал мазмұнына сәйкес өз ойын қағазға түсіреді. - мақал-мәтелдердің суретін салады; - Мақал-мәтелдерден ұнаған біреуінің мазмұнына түсінік береді. Кері байланыс: «Ащы пияз» аңыз әңгімесі арқылы кері байланыс орнату. Бұл әдіс арқылы ата аналар алтын уақытының пайдалы жағы мен пайдасыз болғандығын айтып өтеді және балаға кішкентайынан бастап көңіл бөлу керектігін түсінеді.
--	--

Соңы (бекіту)

Есбол орта мектебі бойынша 4 ақпан күні өткізілген «Балаңызды жат әдеттерден сақтаңыз» атты ата-аналармен өткізілген семинардың анықтамасы


Есбол орта мектебі бойынша 4ақпан күні «Балаңызды жат әдеттерден сақтаңыз» тақырыбында ата-аналармен семинар өткізілді.

Семинарды ата-аналар комитетінің төрайымы Есенаманова Актоты ата-аналарға сәттілік тілеп, жаман әдеттер туралы қысқаша мағлұмат беріп өтті. Ата-аналарға видеоролик көрсетіліп, сол төңірегінде өз ойларын ортаға салды. Ата-аналар темекінің зияны туралы, есірткінің зияны туралы постерлер қорғап, өз ойларын қағаз бетіне түсірді. Әр топқа мақал-мәтелдер таратылып, мағынасын сурет арқылы жеткізді. Ата-аналар суреттерін бір-біріне алмастырып, мақалдың мағынасын айтты. «Кім жылдам?» ойыны арқылы ата-аналардың көңілін көтеріп, сергітіп алдық. Әр ата-аналарға әріптер таратылып, сол әріптен басталатын сұраққа жауап берді. Ойын өте көңілді өтіп, ата-аналар сергіп алды.

Семинар соңында ата-аналар комитетінің төрайымы «Ащы пияз» аңыз әңгімесі арқылы семинарды қорытындылады. Стикерлер таратылып, балаларымызға арнап тілектер жазып, ағашқа ілді. Осы мәуелеген ағаштай жемісін бірге жейік деп семинарымызды аяқтадық.





Ата-аналар комитетінің төрайымы  А.Есенаманова